

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Соты Төрағасының
2021 жылғы 08 ақпандағы
№ 6001-21-7-4/27
өкімімен бекітілді

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Сот төрелігі академиясының
2021–2023 жылдарға арналған даму
Тұжырымдамасы**

Нұр-Сұлтан, 2021

Мазмұны

Кіріспе	3
I. Академия дамуының қазіргі жай-күйін талдау	3
II. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері	5
III. Тұжырымдаманың мақсатына қол жеткізу және міндеттерін орындау жөніндегі басым бағыттар	5
IV. Тұжырымдаманы іске асыруды мониторингтеу және бағалау	15
V. Күтілетін нәтижелер	16

Кіріспе

Қазіргі Қазақстанның сот жүйесі судьялардың кәсібилігіне, сот төрелігін іске асыру мен сот әкімшілігін жүргізу сапасына, сот төрелігін іске асыру процесін артық бюрократиялық рәсімдерден арылтуға, жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізуге бағдарланған түбегейлі түрде жаңа ұстанымдар негізінде реформалануда. Тәуелсіз сот жүйесінің жұмыс істеуі, азаматтар үшін сот төрелігінің қол жетімділігі, соттар қабылдаған шешімдердің заңдылығы үшін судья кадрларын даярлау мен іріктеудің, судьялар корпусының кәсібилігін арттырудың жолға қойылған жүйесінің болуы шешуші мәнге ие.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы (бұдан әрі – Академия) қызметінің негізгі бағыттары: жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру; судьяларды және сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру; ғылыми қызметті жүзеге асыру болып табылатын ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орны ретінде құрылды.

Алдыңғы бес жылда Академия соттық білім беруге маманданған және бюджет қаражаты есебінен судья кадрларын мақсатты даярлауды жүзеге асыратын дербес жоғары оқу орны ретінде қалыптасты. Бірінші бағдарламалық құжат – Академияның 2017-2020 жылдарға арналған даму Тұжырымдамасы – сот жүйесінің сол кездегі өзекті қажеттіліктерін ескере отырып, Академияны қалыптастырудың бастапқы кезеңіне қатысты міндеттерді шешуге бағытталды.

Академияны дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған осы тұжырымдамасы судьялар лауазымдарына кандидаттарды даярлау, судьяларды және сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру жүйесін одан әрі жетілдірудің, ғылыми-білім беру қызметін дамытудың күре бағыттарын айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады. Ол Президенттің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында және Қазақстан судьяларының VIII съезінде айқындалған міндеттерді шешуге бағытталған.

Тұжырымдаманы іске асыру Қазақстанда әділ соттың қалыптасуын қамтамасыз етуге, сот төрелігінің тиімділігін жақсартуға, судьялардың құзыреттілігін арттыруға ықпал етуге бағытталған.

I. Академия дамуының қазіргі жай-күйін талдау

2017-2020 жылдарға арналған Тұжырымдаманы іске асыру кезеңінде Академия белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді, оның ішінде:

- сот білімінің дербестігін қамтамасыз етуге бағытталған Академия бастамашылық еткен ұсыныстар тиісті заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы іске асырылды;

- Академия қызметінің нормативтік-құқықтық базасын құру және жетілдіру жөніндегі жұмыс аяқталды;

- Академия құрылымы оңтайландыру жағына қарай өзгертілді, бөлімшелер ірілендірілді, басшылық құрам саны азайтылды;

- «Құқықтану» мамандығы бойынша магистранттарды дайындаудан «Құқық» бағыты аясында «Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға көшу жүзеге асырылды»;

- оқу жоспарындағы практика үлесін бір мезгілде ұлғайта отырып, екі жылдық дайындықтан бір жылдық дайындыққа көшу жүзеге асырылды.

- Академияның штаттық ПОҚ-ның шақырылған судьяларға арақатынасын өзгерту есебінен тәжірибеге бағытталған оқытуды іске асыру басталды (25/75%);

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен субъективизмді болдырмау мақсатында магистратураға іріктеу тетігі жетілдірілді, құжаттарды қабылдау мерзімі ұзартылды, түсу емтихандарының форматы өзгертілді;

- қашықтықтан білім беру технологиялары жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде де, карантин жағдайында біліктілікті арттыру курстарында да іске асырылуда;

- судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асыру қолға алынды;

- ғылыми-зерттеу жұмысы білім беру процесіне интеграцияланған, магистрлік жобалардың тақырыптары сот жүйесінің қажеттіліктеріне бағытталған.

Сонымен қатар, Қазақстанда құрылған сот жүйесі кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін талдау кәсіби деңгейі жоғары судьялар корпусын қалыптастыру үшін қажетті жоғары стандарттарды енгізуге теріс әсер ететін бірқатар проблемаларды анықтады:

- әзірленген жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламалары уақыттың жаңа сын-қатерлеріне және сот жүйесінің қажеттіліктеріне әрдайым сай келе бермейді;

- судья лауазымына конкурстық іріктеудің қолданыстағы тәртібі дайындауға айтарлықтай бюджет қаражаты жұмсалатын академия бітірушілерінің есебінен судья кадрларының тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік бермейді;

- Академияда жұмыс істейтіндерге еңбекақы төлеудің және оларды әлеуметтік ынталандырудың қолданыстағы тетіктері жоғары білікті мамандарды тартуға және тұрақты кадрлық құрамды қалыптастыруға ықпал етпейді;

- Академияның қолданыстағы материалдық-техникалық базасы (ғимарат, IT инфрақұрылым, бағдарламалық қамтамасыз ету, кітапхана қоры, деректер базасына қолжетімділік) тиімді ғылыми-білім беру қызметін толық көлемде қамтамасыз ете алмайды.

II. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

Осы Тұжырымдаманың мақсаты судья кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын мамандандырылған жоғары оқу орны ретінде білім беру қызметтері нарығында Академияның бәсекеге қабілеттілігін кезең-кезеңімен арттырудың негізгі ұстанымдарын әзірлеу болып табылады.

Белгіленген мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді іске асыруды көздейді:

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру нысандарын кеңейту және жетілдіру;
- қосымша білім беру нысандарын жаңғырту;
- Академияны сот билігі және сот төрелігі саласында зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми орталыққа айналдыру;
- ұлттық және халықаралық институционалдық аккредиттеуден өту;
- Академияның кадрлық құрамын күшейту;
- Академияның материалдық-техникалық базасын нығайту.

III. Тұжырымдаманың мақсатына қол жеткізу және міндеттерін орындау жөніндегі басым бағыттар

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру нысандарын кеңейту және жетілдіру

Бұл басымдық келесідей бағыттар бойынша іске асырылатын болады:

1.1. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде мемлекеттік емес сектордың заң мамандықтарының өкілдеріне (адвокаттар, заң консультанттары, корпоративтік заңгерлер және т.б.) сот біліміне рұқсат беру есебінен магистратурада білім алушылар контингентін кеңейту. Бұл бәсекелестікті кеңейтеді және Академия магистратурасына неғұрлым даярланған және білікті кандидаттарды іріктеуге мүмкіндік береді.

1.2. Мемлекеттік тапсырыс негізінде даярлаумен қатар магистратура бағдарламасы бойынша ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсету мүмкіндіктерін қарастыру. Бұл сот жүйесінің мамандандырылған сот білімін алған заңгерлерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді және судья лауазымына орналасу конкурсына қатысатын адамдар арасында салауатты бәсекелестік туғызады.

1.3. Магистратураның білім беру бағдарламасында теориялық және практикалық дайындықтың оңтайлы арақатынасына қол жеткізу.

Жоғарғы Сот судьяларын және жергілікті соттардың неғұрлым тәжірибелі судьяларын, отставкадағы судьяларды, Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің қызметкерлерін, басқа да білім беру және ғылыми мекемелердің жетекші ғалымдары мен оқытушыларын Академияда оқытуға тартудың өзін ақтаған практикасын жалғастыру.

Осы бағытты одан әрі дамыту үшін Академияда қосымша жұмыс

жағдайында жұмыс істеуге ықтимал үміткерлердің пулын құру және өзекті жағдайда ұстау қажет. Академияда нақты оқу пәндерін оқыту үшін судьялар мен басқа да заң мамандықтарының қызметкерлерін іріктеудің өлшемдері мен тетігін әзірлеу.

1.4. PhD докторантурасы мен диссертациялық кеңес ашу, ол келесі жұмыс түрлерін орындауды қарастырады:

- PhD бейіндік докторантурасының үлгілік оқу жоспарын әзірлеу және бекіту;

- бейіндік PhD докторантурасына қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту,

- диссертациялар мен авторефераттарды ресімдеу жөніндегі Нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

- қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқу жоспарын жасау және бекіту;

- плагиатқа тексеру жөніндегі Комиссия құру;

- Диссертациялық кеңес мүшелерінің жарияланымдарына талаптар құрастыру;

- Диссертациялық кеңесті ашу, төрағаны, төрағаның орынбасарын және ғылыми хатшыны сайлай отырып, оның құрамын бекіту;

- Академияның диссертациялық кеңесі туралы Ережені әзірлеу және бекіту.

Бейіндік докторантураның ашылуы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің екі сатылы моделін толыққанды іске асыруға бағытталған.

Мамандандырылған докторантура:

- магистратураның үздік түлектері Академия қабырғасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің келесі сатысына өтуіне;

- сот жүйесінің қызметкерлеріне өздерінің жеке және ғылыми әлеуетін арттыруға;

- Академияның кадрлық құрамын өз PhD докторлары есебінен күшейтуге мүмкіндік береді.

1.5. Түлектердің сұранысына келесі критерийлер бойынша мониторинг жүргізу:

- оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы үш жыл ішінде Академия қабырғасында біліктілік емтиханын сәтті тапсырған бітірушілердің кемінде 60%-нің судья лауазымына тағайындалуы;

- судья лауазымына тағайындалған бірінші жылы сот төрелігін іске асыру сапасы – сот актілерінің күшін жою мен өзгерістер үлесінің тиісті сот немесе облыс (аз құрамды соттарға қатысты) бойынша бір жылдағы орташа көрсеткіштен аспауы;

- оқу аяқталғаннан кейінгі үш жыл ішінде лауазымдық міндеттерді орындауға және моральдық-этикалық нормаларды сақтауға жауапсыздықпен карауына байланысты тәртіптік жазалардың болмауы;

- оқуға жіберген мемлекеттік органда жұмысын жалғастырған түлектердің оқуды бітіргеннен кейінгі үш жыл ішінде мансаптық өсуі.

- отсутствие дисциплинарных взысканий по поводу недобросовестного отношения к выполнению должностных обязанностей и соблюдению морально-этических норм в течение трех лет после окончания обучения.

1.6. Академия түлектеріне судья лауазымына тағайындау кезінде артықшылықтар жасау¹, ол үшін:

- Академия түлектерін олардың үлгерімінің қорытынды көрсеткіштерін ескере отырып, Жоғары Сот Кеңесі өткізетін конкурстан тыс судья қызметіне тағайындау мәселесі бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгерістер енгізуге бастамашылық жасау;

- дәйекті түрде судьяларды Сот төрелігі академиясын бітірген адамдар қатарынан ғана тағайындауға көшу.

2. Қосымша білім беру нысандарын жаңғырту

Қосымша білім беру білім беру қызметтері нарығында Академия қызметінің неғұрлым талап етілетін бағыттарының бірі болуы тиіс. Бұл білім берудің осы түрінің ауқымын кеңейту, оқыту бағдарламаларын ұйымдастыруда инновациялық тәсілдерді қолдану есебінен мүмкін болады. Қосымша білім берудің сөзсіз қағидаттары оқытудың жоғары сапасы, құқық қолдану практикасының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне және тыңдаушылардың болжалдарына жауап беретін эксклюзивті оқыту бағдарламалары болып табылады.

Қосымша білім беру бекітілген қағидаларға сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылатын болады. Бұл Академияға қосымша заңгерлік білім беретін мекемелердің бәсекелестік ортасында өзін еркін көрсетуге мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру нысандарын жетілдірудің перспективалық бағыттары:

2.1. Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру курстарын субъектілік және мазмұндық аспектіде одан әрі жаңғырту:

- Академияның судьяларды және сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға арналған шығыстарын республикалық бюджет қаражатынан қаржыландыру мәселесін шешу;

- құқық қолданудың түрлі салаларындағы жоғары білікті судьялар, мамандар, сарапшылар қатарынан оқытушылар пулын қалыптастыру және оларды конкурстық іріктеу негізінде біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарына тарту;

- лекторлардың педагогикалық шеберлік деңгейіне қойылатын талаптарды арттыру (жеке әзірленген оқу-әдістемелік материалдардың, практикаға бағытталған дәрістердің болуы);

- білімді бағалау құралдарын (кейстік тапсырмалар, эссе және т.б.) кеңейту арқылы тыңдаушылардың білімін қорытынды бақылауды ұйымдастыру тәсілдерін өзгерту;

- судьяның жеке құзыреттерін дамытуға (стресс-менеджмент,

¹ Постановление VIII съезда судей от 23 октября 2020 года.

психология, риторика, шешендік өнер, жоба-менеджмент және т.б.), сондай-ақ сот саласындағы өзекті халықаралық үрдістерді зерделеуге және сот практикасында Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларын қолдануға бағытталған сабақтар компонентін күшейту.

Шақырылған судьялар мен Академияның ПОҚ үшін біліктілікті және педагогикалық шеберлікті арттыру жөніндегі іс-шараларды тұрақты негізде өткізіп тұру.

2.2. Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесінде оқытуды дараландыру.

Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлеріне қосымша білім беру бағдарламаларын ұйымдастырудың сапасын арттыру мақсатында соттардың мамандануы бойынша жинақталған жалпылама оқу курстарынан нақты судьяның, сот қызметкерінің кәсіби қажеттіліктерін ескере отырып, оларды қызықтыратын тақырып (проблема) бойынша дараланған оқыту бағдарламасына көшу.

Бұл біліктілікті арттыру курстарын өткізу форматын: мерзімі (жылына 1 рет), ұзақтығы (1 апта) және тақырыбы (бір тақырып – бір курс) бойынша өзгертуді, судьяның жоспарланған жылы оған қажетті курсты өз бетінше таңдау құқығының болуын талап етеді.

Судьяларды оқытуды дараландыру бағдарламасы мынадай іс-шаралар кешенін қамтиды: судьялардың нақты тақырыптарды зерделеуге қажеттіліктерін анықтау; олар бойынша жоспар-кестені және біліктілікті арттыру бағдарламасын қалыптастыру; тар шеңберлі мамандарды/жаттықтырушыларды іріктеу.

2.3. Ақылы негізде қосымша білім беру бойынша білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту.

Академия келесі қосымша білім беру бағдарламалары шеңберінде ақылы негізде оқытуды іске асыратын болады:

- заңгерлік қызметтің басқа салалары қызметкерлерінің: адвокаттардың, медиаторлардың, жеке сот орындаушыларының, нотариустардың және т.б. біліктілігін арттыру курстары (оның ішінде қашықтықтан оқыту);

- қашықтан және күндізгі форматтарда судьялыққа біліктілік емтихандарын тапсыруға дайындық курстары;

- академияның магистратурасына түсушілерге арналған қашықтықтан және күндізгі форматтағы түсу емтихандары (арнайы пән) бойынша дайындық курстары.

Заң қызметінің басқа салалары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру кезінде мынадай іс-шаралар кешенін жүргізу талап етіледі: маркетингтік зерттеулер және жарнамалық қызмет, юриспруденцияның қандай да бір саласы қызметкерлерінің қызметін үйлестіретін мүдделі ұйымдармен меморандум жасасу, мүдделі ұйымдармен оқыту бағдарламалары мен кестелерін бірлесіп жасау, лекторларды іріктеу, жауапты құрылымдық бөлімшелердің курсты ұйымдастырушылық,

құқықтық, қаржылық сүйемелдеуі. Осы бағытты іске асырудың қажетті шарты білім беру қызметтеріне сағаттық ақы төлеу құнын арттыру болып табылады.

3. Академияны сот билігі және сот төрелігі саласында зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми орталыққа айналдыру

Жоғары оқу орны жүзеге асыратын қызметтің негізгі түрі білім берумен қатар ғылым болып табылады. Академияның қызметтің осы құрамдасын жүзеге асырудағы стратегиясы ғылымды жан-жақты ынталандыруға және ғылыми өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік жасауға негізделген.

3.1. Академияның ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі тақырыптық бағыттары:

- сот жүйесі мен сот білімінің даму үрдістері мен перспективаларын зерделеу, проблемалық қырларын анықтау және оларды жою бойынша ұсынымдар әзірлеу;

- құқық қолданудың өзекті мәселелері бойынша сот практикасын талдау, сот практикасын жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу;

- сот билігінің, сот білімінің және құқық қолданудың өзекті мәселелері бойынша шетелдік тәжірибені салыстырмалы зерделеу және талдау;

- сот жүйесі, судьялардың мәртебесі, судья кадрларын даярлау туралы заңнаманы жетілдіру жөнінде ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу.

Аталған бағыттар бойынша іргелі (жаңа идеялар мен білімдерді генерациялау) және қолданбалы (практикалық мақсаттарға қол жеткізу және нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білімдерді қолдану) зерттеулер жүргізу өзіндік ғылыми мектептер қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

3.2. Академияның ғылыми әлеуетін мыналардың есебінен күшейту:

- әлемдік деңгейдегі кәсіби зерттеушілерді шақыруды қоса алғанда, сот жүйесі және сот төрелігі саласындағы зерттеулерге маманданған көрнекті шетелдік және қазақстандық ғалымдарды тарту;

- ғылыми/академиялық дәрежесі бар және сот төрелігін жүзеге асыруды ғылыми зерттеулермен қоса атқаратын судьяларды тарту;

- докторантурада әрі қарай оқу және академияда жұмысқа орналасу үшін ғылыми зерттеулерге бейім үздік түлектерді іріктеу.

3.3. Академия ПОҚ-ның, сондай-ақ магистранттары мен докторанттарының ғылыми-зерттеу жұмысының тәжірибелік бағдарлануын одан әрі тереңдету. Сот практикасының қажеттіліктеріне мониторинг жүргізу, магистрлік жобалар мен докторлық диссертациялардың тақырыптарын Жоғарғы сотпен және жергілікті соттармен келісу, қазіргі судьялар мен отставкадағы судьяларды ғылыми жетекшілікке тарту арқылы сот практикасының сұраныстарына жауап беретін зерттеулер жүргізу.

Үздік магистрлік жобалары негізінде заңнаманы және сот практикасын жетілдіру, сот жүйесіндегі бизнес-процестерді оңтайландыру мәселелері бойынша жыл сайын ұсынымдар жинағын басып шығару дәстүрін

қалыптастыру.

Ғылыми зерттеулерге қызығушылықты дамыту және қолдау мақсатында магистранттар, PhD докторанттары, оқытушылар, ғылыми қызметкерлер қатарынан жас ғалымдар арасында үздік ғылыми жұмыс байқауларын өткізу.

Ғылымды білім беру процесіне интеграциялау процесін толыққанды іске асыру қолда бар оқу курстарын жетілдіру және жаңа оқу курстарын әзірлеу кезінде ғылыми зерттеулердің нәтижелерін пайдалануға алып келуі тиіс.

3.4. Сот төрелігі мен сот жүйесінің өзекті мәселелерін талқылауға арналған халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми форумдар (конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, тренингтер, вебинарлар және т.б.) ұйымдастыру және өткізу. Басқа ғылыми және білім беру мекемелері, құқық қорғау ұйымдары ұйымдастыратын ғылыми форумдарға қатысу. Осы алаңдарды жеке ғылыми зерттеулер мен жобалардың нәтижелерін таныстыру, кәсіби қарым-қатынас жасау және тәжірибе алмасу үшін пайдалану.

3.5. ПОҚ мен докторанттардың жариялану белсенділігін ынталандыру, Академияның ғылыми имиджін қалыптастыру үшін көзделеді:

- сот практикасы мен білім беру процесінде сұранысқа ие ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік өнімдерді (монографиялар, түсініктемелер, оқулықтар, оқу құралдары, ғылыми-практикалық және әдістемелік құралдар және т. б.) Академия қаражаты есебінен басып шығару;

- беделді халықаралық ғылыми басылымдардағы жарияланымдардың нәтижелері бойынша, осындай басылымдардың редакциялық алқаларына қатысқаны үшін Академияның ПОҚ мен қызметкерлерін материалдық көтермелеу;

- Академияның Қазақстандық және әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне кірігуіне ықпал ететін меншік ғылыми мерзімді басылымын құруға шаралар қабылдау.

3.6. Сот қызметін ғылыми-талдамалық сүйемелдеу:

- сот жүйесі және сот білімі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу;

- Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының жобаларын талқылауға қатысу;

- сот билігі мен сот білімін ұйымдастыру модельдерін салыстырмалы зерттеу мәселелері бойынша талдамалық анықтамалар дайындау;

- құқық қолданудың өзекті мәселелері бойынша қорытындылар дайындау және ұстанымдар әзірлеу.

Академия үшін ғылыми-талдау жұмыстарының спектрін кеңейтудің тағы бір бағыты сот практикасын қорытындылау мен шолуды жүргізудің әдістемелік негіздерін әзірлеу, сондай-ақ Жоғарғы Сотпен келісілген магистрлік жобалар мен докторлық диссертациялар тақырыбы шеңберінде істердің жекелеген санаттары бойынша сот практикасына шолу жасау мен қорыту болуы мүмкін.

3.7. Қазіргі заманғы Қазақстанда ғылымға инвестициялардың негізгі көзі

мемлекеттік бюджет болып табылатынын ескере отырып, Академия білім және ғылым саласындағы уәкілетті органнан ғылыми қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу туралы куәлік алуы керек, бұл кейіннен ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға, нормативтік құқықтық актілерге ғылыми-құқықтық сараптама жүргізуге арналған конкурстарға қатысуға мүмкіндік береді. Осы бағытты іске асырудың қажетті шарты Академияның ғылыми әлеуетін нығайту болып табылады.

3.8. Академияның Қазақстандық және шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен, халықаралық ұйымдармен қалыптасқан ғылыми байланыстарын дамыту әрі нығайту және жаңаларын жолға қою, бірлескен пәнаралық зерттеу ұжымдарын құру.

4. Ұлттық және халықаралық институционалдық аккредиттеуден өту

Ұлттық және халықаралық аккредиттеуді жүзеге асыра алатын, сондай-ақ жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желіге кіретін қазақстандық аккредиттеу агенттігін таңдау.

4.1. Академия үшін ұлттық және халықаралық аккредиттеуден өтудің негізгі артықшылықтары:

- берілетін дәрежелер мен біліктіліктердің халықаралық танылуы, салыстырмалылығы және айырбасталуы;
- білім беру қызметтерінің қазақстандық және халықаралық нарығында Академия имиджін дамыту және бәсекелестік ұстанымдарын нығайту;
- ЖОО-ның халықаралық мәртебесін, білім беру мен қызметтердің жоғары сапасына, халықаралық талаптарға сәйкестігіне кепілдіктерді растау;
- әлемдік білім беру кеңістігінде басқа университеттермен ынтымақтастық мүмкіндіктерін кеңейту;
- Академияның білім беру бағдарламаларының нәтижелілігі мен тиімділігіне негізгі мүдделі тараптардың (әлеуетті магистранттардың, жұмыс берушілер мен жұртшылықтың) сенімін арттыру, мүдделі тараптар алдында жауапкершілікті көрсету тетігін қамтамасыз ету;
- күшті және әлсіз жақтарын қамтитын сараптамалық қорытынды және білім беру бағдарламаларын жетілдіру үшін әрбір стандарт бойынша ұсыныстар алу;
- аккредиттеу агенттігі тарапынан бағдарламаларды жетілдіруде, білім беру қызметтері нарығында ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қызмет ететін инновацияларды енгізуде кәсіби көмек;
- басшылықтың басқару шешімдерін қабылдауы үшін Академия қызметі туралы ақпараттың объективтілігін арттыру;
- ПОҚ-ны сапаны қамтамасыз ету бойынша жұмысқа тарту, оның Академия құндылықтарына, сондай-ақ сапа мәдениетіне бейілділік дәрежесін арттыру.

4.2. Институционалдық аккредиттеу рәсімі еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленуге және мынадай кезеңдерді

қамтуға тиіс:

1-ші кезең

- Агенттікке аккредиттеу жөнінде өтінім беру;
- аккредиттеуді өткізу туралы шартқа қол қою;
- үйлестірушіні тағайындау, Академияға алдын ала келу, оқыту семинарларын өткізу;
- Академияның өзін-өзі бағалау рәсімін жүргізіп, есеп құрастыруы;
- институционалдық аккредиттеуді жүргізу кезіндегі алдын ала аудит.

2-ші кезең

- Академияның сыртқы аудиті (институционалдық аккредиттеу үшін 3 күн);
- сараптамалық топтың сыртқы бағалау туралы есепті қалыптастыруы;
- ЖОО қызметін бағалау жөніндегі сараптамалық топтың есебін алу.

3-ші кезең

- Аккредитациялық Кеңес үшін қорытынды дайындау;
- Академияны аккредиттеу туралы шешім қабылдау;
- аккредиттелген Академияны тиісті ұлттық тізілімге енгізу үшін ҚР БҒМ-не ақпарат жолдау;
- Агенттіктің аккредиттеуден кейінгі мониторингті жүзеге асыруы.

5. Академияның кадрлық құрамын күшейту

Академияның кадрлық құрамы еңбек қызметі процесінде қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін персоналдың жеке сипаттамаларының, олардың арнайы білімінің, біліктілігі мен тәжірибесінің, сондай-ақ әлеуетті мүмкіндіктерінің үйлесімін білдіреді.

Академияның келесі ішкі жүйелердің жұмыс істеуі жөніндегі кадр саясатын тұрақты негізде өзектендіру қажет.

5.1. Ұйымдастырушылық даму.

Академияның жаңа ұйымдық құрылымы шеңберінде басты күш-жігер басқаруды жетілдіру мен тиімділігін арттыруға, стратегиялық менеджменттің қазіргі заманғы технологияларын, бюджеттеу құралдарын енгізуге, қазіргі заманғы корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға, функциялардың қайталануын болдырмауға, сондай-ақ тиімсіз процестерден бас тартуға шоғырландырылатын болады.

5.2. Кадрлық әкімшілендіру.

Кадрлық әкімшілендірудегі басым бағыттарды іске асыру Академия бөлімшелері арасында функциялар мен жауапкершілік саласын нақты бөлуге негізделетін болады.

Кадрлық әкімшілендіруді іске асырудың қосымша құралдары:

- абайсыз тәсілін болдырмайтын ағымдағы кадрлық жұмыс;
- персоналдың біліктілігін тұрақты арттыру бойынша іс-шаралар;
- кадрлық әлеуетті ұтымды пайдалану;
- кадрлық есептің жекелеген функцияларын оңтайландыру және автоматтандыру.

5.3. Персоналды іріктеу, бейімдеу, бағалау және дамыту.

Кадрларды іріктеу, оларды орналастыру, бейімдеу, жұмыс орындарына бекіту, сондай-ақ олардың кәсіби өсуі процестерін жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Бұл әлеуметтік жауапты, тартымды және бәсекеге қабілетті ЖОО ретінде Академия брендин дамытуға ықпал ететін ашық рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етеді.

ПОҚ-ны дамыту жаңа білім беру технологияларын игеруге, ақпараттық, коммуникациялық, тілдік және зерттеу құзыреттерін, ғылыми және жарияланымдық белсенділікті дамытуға бағытталатын болады.

Персоналдың әртүрлі біліктілік топтары мен санаттары бойынша құзыреттеріне, сондай-ақ еңбек процесінің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес жаңа қосымша кәсіптік бағдарламалар (жол карталары) әзірленетін және іске асырылатын болады.

5.4. Монетарлық және монетарлық емес ынталандыру.

Академия қызметкерлерінің еңбегі төленетін жалақы репродуктивті, мәртебелік және ынталандырушы функцияларды орындай алатындай етіп марапатталуы керек.

Монетарлық ынталандыру рөлін күшейту үшін:

- Академия ректорына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот алқасының төрағасы үшін белгіленген еңбекақы төлеу және материалдық ынталандыру шарттары қолданылсын;

- Академияның ПОҚ-на Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары үшін белгіленген еңбекақы төлеу және материалдық ынталандыру шарттары қолданылсын;

- Академияның басқа қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының қызметкерлері үшін белгіленген еңбекақы төлеу және материалдық ынталандыру шарттары қолданылсын;

- сағаттық төлем шарттарында жұмыс істейтін адамдар үшін осындай білім беру қызметтерінің орташа нарықтық бағалары деңгейінде лайықты сыйақы мөлшері белгіленсін.

Монетарлық емес ынталандыру жүйесі (қызметкерлерді марапаттау және көтермелеу) одан әрі дамитын болады. Бұл міндет корпоративтік марапаттар жүйесін дамыту, марапатталатын кандидаттарға қойылатын талаптарды және оларды ұсыну бойынша рәсімдерді стандарттау арқылы шешілетін болады. Қызметкерлерді марапаттау жөніндегі қызмет Академияның алдағы 5 жылдық мерекесіне орай ерекше маңызға ие болады.

Қойылған міндеттерді шешу арқылы Академия жоғары білікті мамандар үшін өзінің тартымдылығын арттырады, ұлттық және халықаралық еңбек нарығынан үздік оқытушыларды қабылдауды арттырады.

5.5. Корпоративтік мәдениет.

Болып жатқан оқиғалардың ішкі ақпараттық алаңында жария ету процестің ашықтығын арттыру және формализациялау персоналдың ішкі процестерге тартылуын және нәтижелі қызметке ынталандыруды арттыруға мүмкіндік береді.

Ішкі корпоративтік коммуникациялардың негізгі арнасы Академия сайты, оқу контенті, электрондық кітапхана, ішкі корпоративтік басылымдар және басқа құрамдастардан тұратын Академияның корпоративтік порталы болуы тиіс.

6. Академияның материалдық-техникалық базасын нығайту

Академия қызметінің басым бағыттарын іске асыру материалдық-техникалық базаны барабар нығайту мен дамытуды және озық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізуді талап етеді.

6.1. Академия ғимараты.

Академия Нұр-сұлтан қаласының Сарыарқа ауданында 1971 жылы салынған 3 қабатты ғимаратта орналасқан (жалпы ауданы 2488 шаршы метрді құрайды), оның бірінші қабатын банк бөлімшесі алады. Ғимаратқа күрделі жөндеу көптеген жылдар бойы жүргізілген жоқ, бұл жылжымайтын мүлік объектісінің айтарлықтай физикалық тозуына әкелді. Жылыту, энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру жүйелері, сонымен қатар еден, шатыр және жертөле ауыстыруды қажет етеді. Нысанның және оған іргелес аумақтың сыртқы келбетін жақсарту қажет. Қауіпсіздік жүйесі және кіруді бақылау және басқару жүйесін (КББЖ) енгізу өте қажет.

Сот білімі саласында қабылданған стандарттарға жауап беретін Академияның инфрақұрылымын (әкімшілік ғимарат, оқу ғимараты, спорт ғимараттары, жатақхана) орналастырудың немесе салудың ықтимал нұсқаларын қарау талап етіледі. Көрсетілген объектілер судьялармен және сот жүйесінің қызметкерлерімен бірлесіп пайдаланылуы мүмкін.

6.2. IT-инфрақұрылымды дамыту және оқу процесін цифрландыру

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды табысты енгізу үшін қажетті құралдарға мыналар жатады:

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға жауап беретін заманауи серверлік жабдықты сатып алу және серверлік үй-жайды жабдықтандыру;

- лицензияланған бағдарламалық жасақтаманы сатып алу (Windows, MS Office және басқа бағдарламалық өнімдер);

- жабдықтармен арнайы дәріс кабинеттерін құру (камералар, динамиктер мен микрофондар жабдықтарымен (ДК/Mac/Chromebox, дисплейлер, контроллерлер (iPad, Windows, Android немесе NativeIntegration Device));

- бейне қабырғаны, бейнебақылау жүйесін, компьютерлік техника паркін жаңарту;

- синхронды аударма функционалы бар заманауи конференц-жүйелерді сатып алу.

Аталған құралдар Академияның ресми порталын (бұдан әрі – портал) құру үшін негіз болады, ол мынадай негізгі компоненттерді қамтуға тиіс:

- Академия туралы жалпы статикалық және динамикалық ақпарат (мәтіндік, графикалық, аудио және бейне контент);

- көптеген қатысушыларды қамту және Академияның интернет кеңістігін дамыту үшін веб-семинарларды, интернет-конференцияларды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін онлайн конференц-залдар;

- білім алушылардың оқу процесін және ақылы қызметтерді цифрландыру (ЭЦҚ қолдану арқылы шарттар мен актілерге қол қоюды автоматтандыру).

6.3. Қашықтықтан оқыту.

Мазмұнды және ұйымдастырушылық бөліктерден тұратын қашықтықтан оқыту жүйесінің (бұдан әрі – ҚОЖ) жеке платформасы қажет. ҚОЖ бағдарламалық өнімдер мен шешімдер көмегімен оқытумен байланысты процестердің көп бөлігін біріктіретін және автоматтандыратын болады.

Қашықтықтан оқыту функционалы үш негізгі блоктан тұруы тиіс: оқу процесін басқару, пайдаланушылар арасындағы өзара іс-қимыл және оқу материалдарын әзірлеу.

Басқару блогының функционалдық мүмкіндіктері: құзыреттерді анықтау; оқу материалын автоматтандырылған құрастыру; ҚОЖ ұйымдастыру және аккаунттарды басқару; қызметті жазу; техникалық қолдау; оқыту нәтижелерін қалыптастыру; оқытуды салыстырмалы талдау; білім алушылардың оқу жетістіктері мен оқу-әдістемелік материалдардың мұрағаты.

Пайдаланушылар арасындағы өзара әрекеттесу блогының функционалдық мүмкіндіктері (ұйымның негізгі құралдары): білім мен дағдыларды тексеру; бейне және аудио байланыс; мессенджер; Wiki; жеке кабинет; блог; мамандандырылған форумдар және т. б.

Оқу материалдарын әзірлеу блогының функционалдық мүмкіндіктеріне білім беру контенті мен бағдарламаларын ұсыну; оқытуды талдау және нәтижелерді бағалау жатады. Бұл блок тест, тест тапсырмалары және мультимедиялық курстар түріндегі құралдарды қолдана отырып, көптеген мәселелерді шешеді.

6.4. Электронды кітапхана.

Кітапхананың кітап қорын жүйелі негізде арнайы заң әдебиетімен толықтырумен қатар, лицензиялық деректер базасына жазылу арқылы кітапхананың ақпараттық әлеуетін кеңейту: Лань ЭКЖ, IPRbooks ЭКЖ, EBSCO, East View, Euromonitor International Passport, Press Reader, Polpred, Web of Science, ELibrary USA және т.б.

IV. Тұжырымдаманы іске асыруды бақылау және бағалау

Тұжырымдаманы іске асыру тетігінде үйлестіруші құрылымдық бөлімше Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығы (бұдан әрі – АБЖО) болады, ал Тұжырымдаманы орындауға Академияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері қатысатын болады.

Тұжырымдаманың ережелерін кезең-кезеңімен іске асыру жыл сайын Академияның Ғылыми кеңесі бекітетін Жол картасымен қамтамасыз етілетін

болады.

Тұжырымдаманың мақсаттарына қол жеткізудің қажетті шарты оның орындалуын бақылау және бағалау болып табылады. Тұжырымдаманы іске асыру жағдайын тиісінше бақылау мен бағалаудың шарты оның ашықтығы, нәтижеге бағытталуы болып табылады.

Тұжырымдаманы іске асыруын бақылау іс-шаралар жоспарына сәйкес АБЖО тоқсан сайын жүзеге асырады. Құрылымдық бөлімшелер АБЖО-ға тиісті іс-шаралардың орындалу барысы туралы есеп береді.

Тұжырымдаманы іске асыру туралы аралық есептер Жоғарғы Сотқа тиісті ақпаратты ұсына отырып, Ғылыми кеңестің отырысында әр жарты жыл сайын қаралады.

Қажет болған жағдайда Тұжырымдамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, егер олар орындалуы мүмкін болса және Тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келсе.

Тұжырымдаманың қолданылуы аяқталғаннан кейін оның орындалуы туралы қорытынды есеп Ғылыми кеңесте қаралады. Ғылыми кеңестің есебі мен шешімі уәкілетті органға жіберіледі.

V. Күтілетін нәтижелер

1 басым бағыт бойынша:

- Тұжырымдаманың 1.6.-тармағында көрсетілген критерийлер бойынша анықталатын Академия түлектерінің қажеттілігін арттыру;
- мемлекеттік тапсырыс шеңберінде магистратурада білім алушылар контингентін арттыру;
- магистратура бағдарламасы бойынша ақылы негізде қабылдау;
- PhD бейіндік докторантурасын ұйымдастыруды регламенттейтін нормативтік құжаттарды қабылдау;
- PhD бейіндік докторантураға қабылдау және оқыту;
- диссертациялық кеңестің жұмысын жүргізу.

2 басым бағыт бойынша:

- неғұрлым білікті судьяларды, сарапшыларды тарта отырып, судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастырудың сапалы жаңа деңгейі;
- судьяның, сот қызметкерінің құқық қолданудың жекелеген салалары бойынша кәсіби қажеттіліктерін ескере отырып, дараландырылған оқыту бағдарламасын енгізу;
- ақылы негізде білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту арқылы Академияны заң қоғамдастығы үшін қосымша білім беру орталығы ретінде позициялау.

3 басым бағыт бойынша:

- ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі тақырыптық бағыттары бойынша өз ғылыми мектептерін қалыптастыру;
- ғылыми-педагогикалық кадрлар құрамына үздік заңгер-ғалымдар мен судьяларды сабақтастық қағидатын сақтай отырып іріктеу;

- ғылыми және зерттеу жобаларының практикалық қажеттілігі мен өнімділігіне қол жеткізу;

- беделді халықаралық ғылыми басылымдардағы жарияланымдар (Q1, Q2, Q3);

- Академияның жеке ғылыми журналын құру;

- ғылыми қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу туралы куәлік алу және гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу.

4 басым бағыт бойынша:

- институционалдық аккредиттеуден өткені туралы халықаралық және ұлттық сертификат алу;

- аккредиттелген Академияны аккредиттелген ЖОО тізіліміне енгізу.

5 басым бағыт бойынша:

- кадрлық әлеуетті ұтымды пайдалану;

- кадрлық есептің жекелеген функцияларын одан әрі оңтайландыру және автоматтандыру;

- кадр құрамын ұлттық және халықаралық еңбек нарығының үздік қызметкерлерімен толықтыру;

- Академия қызметкерлерінің жалақысын және материалдық ынталандыруын көтеру;

- персоналдың ішкі процестерге тартылуын және нәтижелі қызметке ынталандыруды арттыру.

6 басым бағыт бойынша:

- Академияның жаңа ғимаратта орналасуы;

- Академияның ресми порталының жұмыс істеуі;

- ҚОЖ жеке платформасын құру;

- лицензиялық деректер базасына рұқсаты бар электрондық кітапхананың жұмыс істеуі;

- заманауи серверлік жабдықтарды сатып алу және компьютерлік техника паркін жаңарту;

- лицензияланған бағдарламалық жасақтаманы сатып алу;

- синхронды аударма функционалы бар заманауи конференц-жүйелерді сатып алу;

- бейнебақылау жүйесін жаңарту.